

BLACKBERRY CLIENT СОҢҒЫ ПАЙДАЛАНУШЫ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІ

Осы клиент бағдарламалық жасақтама ("**Client**") BlackBerry Limited немесе оның еншілес компания немесе филиалы ("**BLACKBERRY**") ұсынған және ол Client және Басқарылатын бағдарламалармен төменде анықталғандай (бірілесіп "**Client бағдарламалық жасақтамасы**"), бірге бұдан былай "**Solution**" деп аталатын тек соған байланысты кәсіпорын сервер бағдарламалық жасақтама және сервисімен ("**Server Software**") бірге қолдануға арналған.

Client бағдарламалық жасақтаманың кез келгенін орнату, іске қосу не қолдану үшін а): (i) өзіңіздің атыңыздан BLACKBERRY арқылы Solution, ("**BBSLA**") бағдарламасына қатысты кез келген қосымша немесе қосымша шарттарын қосқанда BES Solution бағдарламасы үшін BlackBerry Solution лицензиялық келісімге отыруыңыз керек; және (ii) Solution бағдарламасына қажет болса, құрылғыңызда осындай Клиент бағдарламалық жасақтамасын орнату, іске қосу және қолдану үшін Клиенттің ену лизенциясына, егер олар талап етілсе ақы төлеуіңіз қажет; немесе (б) Client бағдарламалық жасақтаманы орнату, іске қосу не қолдану үшін құқығы бар, ол (i) BBSLA алған, (ii) сізді BBSLA-ға жататын Client бағдарламалық жасақтаманың қолдану шарттарымен таныстырған, (iii) сіз Client бағдарламалық жасақтамасын қолданғаныңызға жауапты болуға келіскен; және (iv) Solution бағдарламасына қажет болса, құрылғыңызда осындай Клиент бағдарламалық жасақтамасын орнату, іске қосу және қолдану үшін Клиенттің ену лизенциясына, егер олар талап етілсе ақы төлеген Жұмыс берушіңіз немесе басқа Заңды тұлға ("**Лицензияланған тұлға (Licensed Entity)**") болуыңыз қажет.

Сіздің кәсіпорыныңызда ішіне үшінші жақ қамтамасыз еткен бағдарламалық жасақтамалар кіретін, жеке жақта немесе құрылғыңыздың ("**Басқарылатын бағдарламалар (Managed Applications)**") жұмыс істейтін бос орны бөлігінде іске қосу үшін құрастырылған қондырғылар үшін қолжетімді етіп жасау арқылы Ұялы бағдарламаны басқару ("**ҰББ**") мүмкіндігін іске қосатын Solution бағдарламасын қолдана алады. Сондай бағдарламалар BBSLA-ға жататын Үшінші жақтың бағдарламасы болып саналады. Үшінші жақтың бағдарламасына сіздің араңыздағы немесе Лицензияланған тұлға мен оны қолдануға мәжбүр ететін Үшінші жақ бағдарламасын жабдықтаушы арасындағы қосымша шарттар мен жағдайлар кіруі мүмкін. BLACKBERRY Үшінші жақтың бағдарламасына жауапты емес және соған қатысты барлық сұрақтар мен мәселелер Үшінші жақ бағдарламасын жабдықтаушыға жіберілуі тиіс.

Сіздің кәсіпорыныңыз ішіне жеке ақпараттарды жинақтаушы бағдарламалық жасақтамалар кіретін, құрылғыңыздағы Ұялы бағдарламаны басқару ("**ҰББ**") функциясын іске қосатын Solution бағдарламасын қолдана алады. Сіздің кәсіпорыныңызға Solution бағдарламасын қолдану арқылы жинақталған барлық ақпараттарды жинақтау, өңдеу, пайдалану және басқару бойынша жауапкершілік жүктеледі.

Жоғарыдағы жағдайларға қоса, егер сіз Apple's iTunes App дүкенінен кез келген Client бағдарламалық жасақтамасын алған болсаңыз, сіз, сізге оның атынан Client бағдарламалық жасақтамасын орнатуға, іске қосуға және қолдануға құқық берліген

Лицензияланған тұлға атынан немесе егер ондай құқығыңыз болмаса өз атыңыздан (i) Apple осындай Client бағдарламалық жасақтамасына оның өнімділігін, күтімін және қызмет көрсетуін шектемей немесе Client бағдарламалық жасақтама Үшінші жақтың интеллектуалдық меншік құқығы бұзды деген Үшінші жақтың талабына қалай да болмасын жауапты емес деп растап келісесіз. Егер Client бағдарламалық жасақтама кепілдікті өтей алмаса, Apple-ге хабарласаңыз болады, сонда Apple сол Client бағдарламалық жасақтаманың құнын қайтарады және Apple заң бойынша мүмкін болғанша Client бағдарламалық жасақтамасына қатысты басқа қандай болмасын кепілдік міндеттемелерді алмайды; және (ii) Apple және оның филиалдары осы Келісімінің Үшінші жақ бенефициарлары болып табылады және Үшінші жақ бенефициары ретінде осы Келісімінің жүзеге асыруға құқығы бар деп (және құқыққа ие болды деп саналады) келісесіз.

ТӨМЕНДЕГІ "КЕЛІСЕМІН" ДЕГЕНДІ БАСЫП НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН CLIENT БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫН ОРНАТЫП, ІСКЕ ҚОСЫП НЕМЕСЕ ҚОЛДАНЫП СІЗ ОСЫ КЕЛІСІМДІ ОҚЫҒАНЫҢЫЗДЫ, ТҮСІНГЕНІҢІЗДІ ЖӘНЕ ОНЫ МІНДЕТТЕМЕ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАП, ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАЙТЫНЫҢЫЗДЫ РАСТАЙСЫЗ, ЖӘНЕ BLACKBERRY-ГЕ а) НЕМЕСЕ (б) ЖОҒАРЫДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАР ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ ДЕП БІЛДІРЕСІЗ. ЕГЕР СІЗ ОСЫ КЕЛІСІММЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫДАҒЫ ШАРТТАРДЫҢ БІРЕУІНЕ САЙ КЕЛМЕСЕҢІЗ, СІЗ CLIENT БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ОРНАТА, ІСКЕ ҚОСА ЖӘНЕ ҚОЛДАНА АЛМАЙСЫЗ .